

А.А. Касымова<sup>1\*</sup> , А.А. Хабиева<sup>2</sup> , Г.С. Омарбаева<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей қ.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: assemzere.ak@gmail.com

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ БІРІЗДІЛІК МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

**Аннотация.** Қазіргі жаһандану үдерісінде мемлекеттер арасында ғылыми-техникалық, экономикалық, саяси-мәдени, әдеби, тілдік байланыстардың жандануы тілге жаңа сөздердің көптеп еніп, соның ішінде термин жасау жүйесінің өзекті мәселелеге айналғанын аңғартады. Мақалада қазіргі таңдағы термин қалыптастыру жүйесінің түркі тілдеріндегі көрінісін айқындау мақсатында қазақ және түрік тілдеріндегі грамматикалық терминдер мысалында салыстырмалы зерттеу жүргізіп, екі тілдің грамматикасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, грамматикалық терминдерді біріздендіру мүмкіндігіне алғышарт жасалды. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі грамматика саласының қалыптасу кезеңдеріне сипаттама жүргізіліп, екі тілдің грамматика саласының негізін салушы тілші ғалымдардың еңбектері мен ғылыми тұжырымдарына шолу жасалды. Зерттеу барысында екі тілдегі грамматикалық оқулықтардан терминдер жинақталып, олардың құрылымдық ерекшелігі, терминдік аясы, кірме сөз болған жағдайда қай тілден енгендігі сараланды. Екі тілден жинақталған грамматикалық терминдердің дыбысталуындағы, түбір формасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар салыстырмалы кестеде берілді. Зерттеу нәтижесі бойынша уақыт өрнегінде қалыптасқан қазақ тілінің грамматикалық терминдерінде бірізділіктің қалыптасқандығын, ал түрік тіліндегі грамматикалық терминдердің бірізділігі әлі де болса сақталмай келе жатқандығы анықталды. Мақаланың зерттеу нәтижелері қазақ тілі мен түрік тілін үйретуде қолданылатын грамматикалық оқулықтардағы грамматикалық терминдерді біріздендіруде зор практикалық мәнге ие болады.

**Тірек сөздер:** грамматикалық терминдер, салыстырмалы терминологиялық жүйе, салыстырмалы зерттеу, түрік тілі, салыстырмалы грамматика.

А.А. Касымова<sup>1\*</sup>, А.А. Хабиева<sup>2</sup>, Г.С. Омарбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Университет Шакарима, Казахстан, г. Семей

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: assemzere.ak@gmail.com

## О ПРОБЛЕМЕ УНИФИКАЦИИ ГРАММАТИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ В КАЗАХСКОМ И ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ

**Аннотация.** В условиях современного процесса глобализации активизация научно-технических, экономических, политико-культурных, литературных, языковых связей между государствами свидетельствует о том, что все большее число новых слов вошло в язык и стало актуальной проблемой системы формирования новых слов в терминообразовании. В целях определения проявления современной системы терминообразования в тюркских языках было проведено сравнительное исследование на примере грамматических терминов казахского и турецкого языков, выявлены сходства и различия в грамматике двух языков, созданы предпосылки к возможности унификации грамматических терминов, формирующихся на этапе глобального развития. Для достижения данной цели в статье проведена характеристика этапов становления грамматической сферы на казахском и турецком языках, проведен обзор научных выводов в области грамматики двух языков и трудов ученых-основателей языкознания. В ходе исследования были обобщены термины из учебников грамматики на двух языках, проанализированы их структурная специфика, терминологическая сфера, из какого языка они вошли при наличии заимствованного термина. Сходства и различия в звучании, корневой форме грамматических терминов, сгруппированных из двух языков, были представлены в сравнительной таблице. По результатам исследования установлено, что грамматические термины казахского языка окончательно сформированы, а в турецком языке грамматические термины все еще имеют разнovidность. Результаты исследования статьи приобретают большое практическое значение в унификации грамматических терминов в учебниках грамматики, используемых при обучении казахскому и турецкому языку.

**Ключевые слова:** грамматические термины, сравнительная терминологическая система, сравнительное исследование, турецкий язык, сравнительная грамматика.

**A.A. Kassymova<sup>1\*</sup>, A.A. Khabiyeva<sup>2</sup>, G.S. Omarbayeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Shakarim University, Kazakhstan, Semey

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: assemzere.ak@gmail.com

## **ABOUT THE UNIFICATION PROBLEM GRAMMATICAL TERMS IN THE KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES**

**Abstract.** In the context of the modern process of globalization, the intensification of scientific, technical, economic, political, cultural, literary, and linguistic ties between states indicates that an increasing number of new words have entered the language and have become an urgent problem of the system of formation of new words in terminology. In order to determine the manifestation of the modern system of terminology formation in the Turkic languages, a comparative study was conducted on the example of grammatical terms of the Kazakh and Turkish languages, similarities and differences in the grammar of the two languages were revealed, prerequisites for the possibility of unification of grammatical terms formed at the stage of global development were created. To achieve this goal, the article characterizes the stages of the formation of the grammatical sphere in the Kazakh and Turkish languages, reviews scientific conclusions in the field of grammar of two languages and the works of the founding scientists of linguistics. In the course of the study, terms from grammar textbooks in two languages were generalized, their structural specificity, terminological sphere, from which language they entered in the presence of a borrowed term were analyzed. Similarities and differences in the sound, root form of grammatical terms grouped from two languages were presented in the comparative table. According to the results of the study, it was found that the grammatical terms of the Kazakh language have been finally formed, and in the Turkish language grammatical terms still have a variety. The results of the research of the article acquire great practical importance in the unification of grammatical terms in grammar textbooks used in teaching Kazakh and Turkish.

**Keywords:** grammatical terms, comparative terminology system, comparative research, Turkish language, comparative grammar.

### **Kіріспе**

Қазіргі жаһандану дәуіріндегі ғылыми-технологиялық даму, алыс-жақын елдер мен туыстас, туыстас емес тілдер арасында сан қилы байланыстар тілімізге зор әсерін тигізіп жатқаны белгілі. Атап айтқанда, мемлекеттер арасындағы ғылым мен техника, IT, мәдениет мен әдебиет салаларындағы байланыстар қазақ тілінің сөздік қорын шет тілдік, жаңа кірме терминдермен толықтырып отырады. Аталған сөздерді тілімізге икемдеп қолдану, тілдік ерекшеліктерімізге сәйкестендіру әрқашан оңай бола бермейді. Сол себепті терминжасам мәселесі қазақ тілінің грамматикалық жүйесінде де әртүрлі зерттеу салалары мен бағыттардың қалыптасып, дамуына байланысты грамматикалық терминдердің саны артты. Зерттеу мақаласында түрік тіліндегі грамматикалық терминдердің қалыптасу жүйесінің барысын бақылап, қазақ тілімен салыстырмалы аспектіде қолға алу мақсатында, түрік тілінің грамматикалық еңбектерінде кездесетін лингвистикалық терминдерді жинақтап, зерттеу объектімізге арқау еттік. Қазақ және түрік тілдері арасында тіл және терминдер тақырыбында тәжірибелерді салыстыру арқылы жаңа зерттеулерге жол ашу мүмкіндіктері қалыптасады.

Зерттеуде қазақ және түрік тіл біліміндегі грамматикалық кітаптардың жазылу дәстүрін, грамматикалық терминдердің құрылымын, дамуы мен өзгеруін ХХ ғасырда жарық көрген ғылыми еңбектерге шолу жасау арқылы негіздеуге талпыныс жасалады. Мақаланың зерттеу нәтижелері қазақ және түрік тілінің грамматикалық оқулықтардағы терминдерді жүйелеуге ықпал етіп, жаңа грамматикалық оқулықтар әзірлеуде практикалық қолданыс табуы мүмкін.

### **Материал және әдістер**

Зерттеу материалы ретінде қазақ тілінің лингвистикалық жүйесінде орын алатын грамматикалық терминдер қолданылды. Бастапқы тілдік материал ғылыми жоба аясында А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» (Байтұрсынұлы, 2009) еңбегі, А.Ысқақов (Ысқақов, 1991), Т.Сайрамбаевтың (Сайрамбаев, 1991) грамматикалық еңбектері мен түрік тіліндегі Мухаррем Ергин (Ergin, 2008), Тахсин Бангуоглу (Banguoğlu, 1998) және Суер Екер (Eker, 2011) сынды грамматист ғалымдардың грамматикалық оқулықтарынан жинақталып, ғылыми зерттеуге негіз болды.

Зерттеуде қазақ және түрік тіліндегі грамматикалық оқулықтардан терминдерді теруде жинақтау, топтау әдістері қолданылды. Жинақталған тілдік материалдарды ғылыми талдау

барысында статистикалық талдау, салыстыру, сипаттау, дефинитивтік талдау әдістері қолданылды.

### Әдебиетке шолу

Грамматика – тіл білімінің сөзжасам, морфология, синтаксис деген салаларын біріктіріп, тілдің құрылысы мен заңдылықтарын зерттейтін күрделі сала. Кез келген ғылымның пайда болу, қалыптасу және даму тарихы болады. Тілдің грамматикалық құрылысына қатысты зерттеулер тарихы өте ерте кезеңдерден басталады. Соның ішінде түркі тілдерінің құрылымын зерттеуге арналған филологиялық еңбектердің орны ерекше. Олардың бастысы да, уақыт жағынан біріншісі де М.Қашқаридың «Диван лұғат ат-түрік» еңбегі екені дау туғызбайды. Жазылған уақыты 1069 жылы деп шамаланады. Еңбек сол заманғы түркі тілдері лексикасының салыстырмалы сөздігі ретінде жасалған. Сонымен қатар онда түркі тілдерінің морфологиялық жүйесі баяндалады.

Грамматика кітаптарының жазылу, терминдерінің құрылу, даму және жаңалану кезеңіндегі алғашқы ізденістер, түркітану бағытындағы зерттеу еңбектері негізінен қазақ және қырғыз тілдерін қарастыруға арналды. Атап айтқанда, Н.Е. Ильминскийдің 1861 ж. Қазанда басылған «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегінде қазақ тілінің ең алғашқы грамматикасын түсіндіруі өте маңызды және қазақ грамматикасын жазудағы ең алғашқы қадам болып табылады. В.В. Радловтың шығармалары мен П.М. Мелиоранскийдің 1894 және 1897 жылдардағы еңбектері, В.В. Радловтың әдеби мәтіндердің үлгілеріне сүйене отырып жазған «Қысқаша қазақ-қырғыз тілі» (Краткая грамматика казах-киргизского языка) еңбегі, А.М. Қазембектің «Жалпы түрік-татар тілі грамматикасы», О.Н. Бетлигтің «Uber Die Sprache der Jakuten» және «Алтай жазуының грамматикасы» атты ғылыми туындылары түркі тілдерінің грамматикасын зерттеуге арналған маңызды шығармалар болып табылады. Аталған еңбектер грамматика және грамматикалық терминдердің қалыптасуы мен дамуына негізгі қайнар көз бола алды. Бұдан басқа XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ зиялыларының қаламынан шыққан туындылар алғашқы дәуірлердегі тәжірибелерді қолдана отырып дамыған грамматика ілімінің негізін қалыптастырушы еңбектердің қатарынан орын алады (Қайдар, 2004: 349).

Түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ және түрік тілдерінің грамматика саласындағы зерттеулер тарихи грамматиканың жазылуы, нормативті (реттеуші) грамматиканың жазылуы және сипаттаушы грамматиканың жазылуы деп, үш бағытта қарастырылады. Бірақ аралас жазылған тарихи және сипаттаушы грамматиканың жазылуымен қатар, нормативті (реттеуші) грамматика бойынша жазылған еңбектер де жоқ емес.

Қазақ және түрік ғалымдарының алғашқы легі тарихи грамматиканың тілдегі тарихи өзгерісін, дамуын тұжырымдай отырып жазады. Олардың қатарына Фарук Кадри Темирташтың «Eski Anadolu Türkçesi (Eski Anadolu түрікшесі)», Ахмет Джафероглуның «Türk Dili Tarihi (Түрік тілінің тарихы)» және Т.Қордабаев, М.Томановтардың «Тарихи грамматика мәселелері» атты ғылыми еңбектерін жатқызамыз (Қордабаев, 1975: 3-11).

Ал екінші қатарда сипаттаушы грамматиканың жазылуы, тілдің өзіне тән жағдайына байланысты ережелердің тұжырымдалуын зерттеуге бағытталған зерттеушілер келеді. Мұнда тілдік өзгерістерге байланысты ережелердің өзгеруі сипатталады. Бұл бағытта Тахсин Бангуоглуның «Türkçenin Grameri (Түрікшесінің грамматикасы)» және Тахир Нежат Генджанның «Türk Grameri (Түрік грамматикасы)» және академиялық басылым ретінде жарияланған «Қазақ тілінің грамматикасы. II бөлім» атты еңбектерді атай аламыз.

Үшінші кезектегі зерттеулер нормативті грамматиканың жазылуымен байланысты болып келеді. Бұл кезеңде тілдің барлық ерекшеліктері тұжырымдалып, өзгермейтін ережелерді көрсетіп беру мақсат етіліп, Мехмет Хенгирменнің «Türkçe dilbilgisi (Түрік тілінің грамматикасы)» және «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис» кітаптары жарық көреді (Қазақ грамматикасы, 2002).

Түрік тіліндегі терминологиялық жүйені зерттеу мәселесі – 1928 жылы латын әліпбиіне көшкеннен кейін қолға алынған мәселе. Түрік тілін ғылыми тіл ретінде қолдану қазіргі кезеңде түрік грамматикасында өте өзекті болып табылды. Түрік Тілі Қоғамы тарапынан жарияланған

қазіргі түрік сөздігінде «термин» сөзіне: «Ғылымға, өнерге, кәсіпке немесе пәнге қатысты ерекше және нақты ұғымға сәйкес келетін сөз, истила (istila)» деген түсінік беріледі (Banguoğlu, 1998: 181). Мұндағы istila (истила) сөзі бекіген заңдылық, ереже деген мағына береді. Зерттеуші Тахсин Бангуоглу тілдің концептуалды саласында белгілі бір орны бар сөздердің осы түрлерін айта келе: «Олардың жүйесі алфавиттік сценарийге ұқсайды, әр дыбыстың өзі әрпі болуын талап етеді. Ғылыми терминологияда түсінікті, сондай-ақ сөздің нақтылығы мен өзара байланысын салыстыруда өз анықтамасы болады», – деп сипаттайды (Banguoğlu, 1998: 181). Ал тілші ғалым Доған Аксан грамматикалық терминдердің жалпы қасиеттерін жіктеп, терминдердің «бір мағыналы» екенін тілге тиек етіп, терминнің бір ғана мағынасы мен бір ғана анықтамасының болуы оның негізгі ерекшелігі екенін баса айтады (Aksan, 1998: 41). Соңғы жылдары түрік тіліндегі грамматикалық терминдер, олардың бірізділік мәселесі жайында Айше Илкердің зерттеулерінде де көрініс тауып жүр. Зерттеуші А.Илкер қазақ, қарақалпақ, әзербайжан, түрік тілдеріндегі грамматикалық терминдерді өзара салыстыра отырып, түрік тілінде араб және батыс тілдерінен енген терминдердің көптігін нақты мысалдар арқылы көрсетеді (Iker, 2023: 140).

XX ғасырдың басынан бастап бүгінге дейін қазақ лексикасының терминдену жүйесіне үлкен еңбек сіңірген А.Байтұрсынұлынан (Байтұрсынұлы, 2009) бастап, М.Томанов, Т.Қордабаев, Ы.Маманов, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов, М.Сайрамбаев, С.Исаев және т.б., бертін келе Ш.Құрманбайұлы, Б.Момынова (Момынова, 2022) және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері жалпы қазақ терминологиясының, соның ішінде грамматикалық терминдердің теориясын қалыптастырудағы тың зерттеулер беріп келеді. Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы қалыптастырған ізбен жүрген тілші ғалымдар XX ғасырдың екінші жартысында академиялық деңгейдегі қазақ тілінің грамматикасын әзірлеп шықты. Нәтижесінде қазақ тіліндегі грамматикалық терминдердің бірізділік жүйесі қалыптасты.

Ал қазіргі уақытта тіл білімі саласы «Қазақ тіліндегі синтаксистік тәсілмен жасалған терминдік тіркестер» (Абдикарим, 2023), Проблемы заимствованных слов в казахском языке (Кузембаева, 2018), «Түбі бір түркі терминдері» (Мамаева, 2019) және т.б. осы тәрізді грамматикалық терминдерді құрылымдық сипатына қарай талдауға арналған жаңа зерттеулермен толығуда.

### **Нәтижелер және талқылау**

Түркі тілдеріндегі ортақ терминологиялық жүйе жайлы сөз еткенде қазақ және түрік тілдеріндегі грамматикалық терминдердің қолданысы ерекше назар аудартады. Грамматикалық терминдер, ең алдымен, қазақ және түрік тілдерін шет тілді аудиторияға үйрету барысында жиі қолданысқа түседі. Қазақ тілімен салыстырғанда, түрік тілін оқытуға арналған деңгейлік оқулықтардағы грамматикалық терминдердің әртүрлі берілуі ерекше назар аудартады. Түрік тілімен салыстырғанда қазақ тілінің грамматикалық оқулықтарында бірізділік сақталған. Оның себебін А.Байтұрсынұлының грамматикалық термин жасаудағы нақтылық, қазақылық, ықшамдылық принциптерімен түсіндіруге болады.

Сондықтан да қазақ тіліндегі грамматикалық кітаптардың жазылуы, тарихи дамуы жайлы сөз еткенде, ең алдымен, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінен бастайтынымыз орынды. А.Байтұрсынұлы сол дәуірдің қажеттілігін анықтай отырып, халқына тілді дұрыс үйрету мақсатында қазақ тілінің нақты ережелеріне сүйенетін «Тіл құрал», «Тіл тағлымы», «Тіл танытқыш» еңбектерін жазды (Байтұрсынұлы, 2009). Ғалым жазған еңбектерінің мақсатын түсіне отырып, тілді қолдануда, терминдер мен атауларды қалыптастыруда ұлттық негізге сүйенеді. Тіл зерттеушісі ретінде А.Байтұрсынұлы терминологиялық мәселелерге өте үлкен мән береді. Ғалымның жасаған терминдері орынды, түсінікті және дәл болып келуімен бірге, термин жасауда ұстанған жолы саналылық, қазақылық, өз тілін дамытуға негіз болған қағидаттарға құрылуымен ерекшеленеді.

А.Байтұрсынұлының «Тіл құрал» еңбегіндегі грамматикалық терминдер қазақша сөздерден құралған, одан кейін жазылған терминологиялық сөздіктерде орыс тілі арқылы кірген халықаралық терминдер орын ала бастаған. Осы жағдайдың даму барысы сол кезеңдегі барлық ғылым салаларында байқалады. Оны қазіргі грамматикалық жүйемізде орын алған морфология, морфема, синтаксис, грамматика терминдерінің тіл біліміндегі жүйелі қолданысынан көреміз.

Ұлт ұстазы салып берген сара жолмен «Қазақ тілінің грамматикасы» академиялық еңбегі тілші ғалымдар тарапынан бірнеше мәрте басылды. 1967 жылы басылған «Қазақ тілі грамматикасы» кітабының 1954 жылы жазылған алғашқы басылымынан өзгешелігі үлкен ұжымдық зерттеу ретінде әзірленуінде болып табылады. Еңбекте зерттеушілердің жылдар бойы зерттеген өз тақырыптары берілгендіктен, стильдік ерекшеліктері, түсіндірмесі, мәселені ортаға қоюы, қорытындылары мен тұжырымдарының жүйелілігімен, нақтылығымен ерекшеленеді. Көптеген зерттеушілердің қатысуымен жазылған «Қазақ тілі грамматикасы» алғаш рет 1954 жылы басылған. Кейінгі басылымдарға тіл білімі саласындағы зерттеушілердің саны артып, сапалы зерттеулер жүргізулері әсер еткені айқын. Атап айтқанда, морфологияның сын есім мен сан есімдерді, есімдік пен шылаулар, одағай, модаль сөздер мен етістіктерді басты бөлім ретінде жеке-жеке қарастырған диссертациялық еңбектер жарыққа шықты. Бұлардан басқа да көптеген оқулықтар әзірленіп, 1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасының» сапалы, жүйелі болып шығуына негіз болды (Ысқақов, 1967). 2002 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» жүйелілігімен, нақтылығымен, мәліметтерінің толықтығымен, негізділігімен ерекшеленеді (Қазақ тілінің грамматикасы, 2002).

Ал түрік тіліне келетін болсақ, ХХ ғасырдың бас кезіндегі түрік тілі лексикасының терминдену үрдісінде түрік зиялы қауым өкілдері мен тіл білімі зерттеушілерінің орны айрықша болды. Атап айтқанда, Өмер Сейфетдин, Зия Гөкалп Шемседдин Самидің тіл білімі, грамматикалық саласындағы ғылыми еңбектері маңызды рөл атқарады. Алайда түрік тілінің грамматика саласы Османлы, Танзимат, Конституция тәрізді тарихи кезеңдерді басынан өткізгендігі грамматикалық терминдерден айқын көрініс табады (1-кестені қараңыз).

1-кесте – Османлы негізді грамматикалық терминдердің қазіргі қазақ және түрік тіліндегі баламасы

Османлы кезеңіндегі грамматикалық терминдер	Қазіргі түрік тіліндегі атауы	Қазіргі қазақ тіліндегі баламасы
fiil (фиил)	yüklem (йүклем)	баяндауыш
kelime (келиме)	sözcük (сөзжүк)	сөз
edat (едат)	ilgeç (илгеч)	шылау
zamir (замир)	adil (адыл)	есімдік

1-кестеде берілген грамматикалық терминдер қазіргі түрік тілінің грамматикалық оқулықтарында әр алуан қолданылып жүр. Атап айтқанда, «Yedi İklim» түрік тілінің А1 деңгейлік оқулығында «kelime (келиме)», «sözcük (сөзжүк)» терминдері қатар, жарыспалы қолданылады. Ал «Hitit» А1-А2 деңгейлік түрік тілі оқулығында біріңғай «kelime (келиме)» грамматикалық термині беріледі. Көріп отырғанымыздай, қазіргі таңда түрік тілінің кейбір академиялық оқулықтары мен грамматикалық еңбектерінде, шетелдіктерге оқытылатын түрік тілінің тілашар оқулықтарында тілдің грамматикалық терминдері әртүрлі қолданылып келеді. Грамматикалық терминдердің бірнеше түрі, әр оқулықта әртүрлі берілуі тіл үйренушінің грамматикалық сауаттылығын төмендететіні белгілі.

Келесі кестеде қазақ және түрік тіліндегі септік жалғауларының грамматикалық атаулары берілген (2-кестені қараңыз).

2-кесте – Батыс негізді грамматикалық терминдердің қазіргі қазақ және түрік тіліндегі баламасы

Батыс негізді грамматикалық терминдер	Қазіргі түрік тіліндегі атауы	Қазіргі қазақ тіліндегі баламасы
Nominatif hali	Yalın hal (Йалын хал)	Атау септігі
Genetif hali	İlgi hali (Илги хал)	Ілік септігі
Datif hali	Yönelme/Yaklaşma hali (Йөнелме / Йаклашма Хали)	Барыс септігі
Akkuzatif hali	Belirtme/Yükleme hali (Белиртме / Йүклем хали)	Табыс септігі

## 2-кестенің жалғасы

Lokatif hali	Bulunma hali (Булунма хали)	Жатыс септігі
Ablatif hali	Ayrıлма/Çıkma hali (Айрылма/Чыкма хали)	Шығыс септігі
İnstrumental hali	Vasıta hali (Васыта хали)	Көмектес септігі
Ekvatif hali	Eşitlik hali (Ешитлик хали)	-

Кестеден байқағанымыздай, түрік тілінде сегіз түрлі септік жалғауы бар. Қазақ тілінде кездеспейтін септік түрі «Eşitlik hali (ешитлік хали)» деп аталады. Бұл септікте -ша, -ше қосымшалары қолданылады. Сондай-ақ батыс тілдерінен енген септік атаулары бір атаумен берілсе, түрік тіліндегі септік жалғауларының кейбірінде екі баламасының болуы назар аудартады. Мәселен, барыс септігі кейбір оқулықтарда «Yönelme» (йөнелме хали), кейбір оқулықтарды «Yaklaşma hali» (йаклашма хали) деп қолданылады. Ал табыс септігі «Belirtme hali» (белиртме хали), кейде «Yükleme hali» (йуклеме хали) деп беріледі. Сонымен қатар қазақ тіліндегі «септік» сөзі түрік тілінің грамматикалық оқулықтарында кейде «hal» (хал), кейде «durum» (дурум) деп беріліп жүр. Сөзімізге дәлел ретінде түрік тілінің грамматист мамандары Мухаррем Ергин, Тахсин Бангуоглы және Суер Екердің еңбектерінде кездесетін грамматикалық терминдерді тіл білімінің салаларына қарай салыстыратын болсақ, төмендегі нәтижелерді көре аламыз (3-кестені қараңыз).

3-кесте – Қазақ және түрік тілінің грамматикалық оқулықтарындағы морфологиялық терминдердің қолданысы

Ахмет Байтұрсынұлы (1914)	Ахмети Ысқақов (1991)	Мухарем Ергин (2008)	Тахсин Бангуоглы (1998)	Суер Екер (2011)
-	морфология	уярыбилгиси (йапыбилгиси)	уярыбилгиси (йапыбилгиси)	biçimbilgisi (бичимбилгиси)
зат есім	зат есім	isim (исим)	ad (ад)	ad (ад)
сын есім	сын есім	sıfat (сыфат)	sıfat (сыфат)	ön ad (өн ад)
sayı sıfatı (сан есім)	sayı sıfatı (сан есім)	sayı sıfatı (сайы сыфаты)	sayı sıfatı (сайы сыфаты)	sayı adı (сайы ад)
есімдік	есімдік	zamir (замир)	zamir (замир)	adıl (адыл)
етістік	етістік	fiil (фиил)	fiil (фиил)	eylem (ейлем)
шылау	шылау	edat (едат)	edat (едат)	ilgeç (илгеч)

Қазақ тілінде «морфология» деп аталатын грамматиканың үлкен бөлімі түрік тілінде «уярыбилгиси (йапыбилгиси)», «biçimbilgisi (бичимбилгиси)» деген таза түркілік негізді терминдермен беріледі.

Қазақ және түрік тілдеріндегі синтаксистік терминдердің қолданысын салыстыра қарайтын болсақ, қазақ тіліндегі синтаксистік жүйеге ХХ ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы қалыптастырған жүйелі, негізді, ана тіліміздегі сөздер арқылы жасалған терминдермен аталып, бекігенін көруге болады. Түрік тіліндегі грамматикалық терминдердің қолданысы синонимдік қатардың көптігімен ерекшеленеді. Олай болудың басты себебі түрік тілінің терминологиялық жүйесіндегі тарихи кезеңдердің әсері деген пікірдеміз (4-кестені қараңыз).

4-кесте – Қазақ және түрік тілінің грамматикалық оқулықтарындағы синтаксис терминдерінің қолданысы

Ахмет Байтұрсынұлы (1916)	Талғат Сайрамбаев (1991)	Мухарем Ергин (2008)	Тахсин Бангуоглы (1998)	Суер Екер (2011)
сөз мүшелері	сөйлем мүшелері	-	söz dizimi (сөз дизими)	söz dizimi (сөз дизими)
сөз	сөз	kelime (келмие)	sözcük (сөзжүк)	sözcük (сөзжүк)

## 4-кестенің жалғасы

сөйлем	сөйлем	cümle (жүмле)	cümle (жүмле)	tümce (түмже)
сөз тіркесі	сөз тіркесі	kelime grupları (келиме групплары)	belirtme öbekleri (белиртме өбеклери)	sözcük grupları (сөзжүк групплары)
баяндауыш	баяндауыш	fiil (фиил)	yüklem (йуклем)	yüklem (йуклем)
бастауыш	бастауыш	fail (файл)	kimse (кимсе)	özne (өзне)
жай сөйлем	жай сөйлем	basit cümle (басит жүмле)	basit cümle (басит жүмле)	basit tümce (түмже)
құрмалас сөйлем	құрмалас сөйлем	birleşik cümle (бирлешик жүмле)	basit cümle (бирлешик жүмле)	birleşik tümce (түмже)

Мақалада түрік тілінің кейбір грамматикалық терминдері ғана зерттеу объектісіне алынды. Сондай-ақ салыстыруда қазақ тіліндегі грамматикалық терминдер мен қазақ терминологиясының атасы А.Байтұрсынұлының қалыптастырған терминдері де қатар берілді. Кестеден көріп отырғанымыздай, түрік тілінің грамматистері грамматикалық терминдерге өзінше атау беріп, кейде батыстық терминдермен, кейде түрік тілінің төл терминдерімен қолданады. Мәселен, «сөз» терминін Мухарем Ергин «kelime» (келиме) (Ergin, 2008: 21) деп атаса, Тахсин Бангуоглы (Banguoğlu, 1998: 8), Суер Екер «sözcük» (сөзжүк) (Eker, 2011: 12) деп береді. «Баяндауыш» термині түрік тілінде кейде «fiil» (фиил), кейде «yüklem» (йуклем) деп аталып жүр. «Бастауыш» термині «fail» (файл), «kimse» (кимсе), «özne» (өзне) деген терминдермен аталады.

Бұл жайында түрік ғалымы З.Коркмаз түрік тілінде орта мектептен бастап, орта кәсіптік білім, жоғары білімге дейінгі аралықта грамматикалық терминдер әртүрлі аталып, білім алушыға қиындық тудыратынын айтады. Ғалым бұл мәселенің себепкері тілші мамандар екенін ескертеді. Сондай-ақ ғалым тілші мамандардың ортақ мәмлеге келіп, жалпы түрік тілі грамматикасына ортақ терминдер жүйесін қалыптастыратын уақыт жеткенін баса айтады. Бұл ретте, ең алдымен, түркі тілдес басқа халықтардың тіл біліміне зер салу керектігін де тілге тиек етеді (Korkmaz, 1992: 4).

Қалай болғанда да, түрік тіліндегі грамматикалық бірізділікті қалыптастыру мәселесі күні бүгінге дейін өзекті мәселелердің қатарында. Түрік тілінің тілші ғалымдары тарапынан сан мәрте көтеріліп жүрген тақырып, туыстас түркі тілдерінің грамматикалық терминдерімен салыстырмалы қарастыру негізінде жүйелілігін табады деген пікірдеміз.

### Қорытынды

Түркі тектес мемлекеттерінің тәуелсіздік алғанына 30 жылдан астам уақыт өткені белгілі. Әрине, сыртқы және ішкі толқулар бұл мемлекеттердің экономикалық дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, мәдениет, ғылым, әдебиет пен тіл саласындағы дамуына да әсер етті.

Терминдер – жасалу жолы әртүрлі грамматикалық ережелерге тәуелді, бір ғана мағына беретін, қолдану аясы өте тар мағыналы бірліктер. Бірақ кез келген тілдің грамматикалық жүйесі үшін термин сөздердің орны ерекше болады. Себебі нәтижесінде терминдер сол тілдің грамматикалық жүйесін, ережелер жүйесін құрайды. Бұл тұрғыдан келгенде түрік тілінің алдында тұрған басты міндет – түркі халықтарының тілдік ерекшеліктеріне сүйене отырып, грамматикалық терминдер саласын біріздендіріп, жүйелеу. Сондай-ақ түрік тіліндегі грамматикалық терминдер арасында кездесетін түркі негізді терминдер қазақ тілі саласының мамандарына да аталымы күрделі шетелдік терминдердің орнына түркілік негізді термин қалыптастыру мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- ерте кезеңде түрік тіліндегі грамматикалық терминдердің қалыптасуына ислам діні мен мәдениеті, араб жазуы тікелей әсер етті;

- қазақ және түрік тілдеріндегі грамматикалық терминдерді қалыптастыру жолдары мен терминдердің құрылымдық жүйесінде, кейбір терминді атауда шеттілдік кірме сөздерді қолдануда ортақ ерекшеліктер бар;

- түрік тіліндегі грамматикалық терминдерді біріздендіруде қазақ тілінің тәжірибесін қолдануға болады;

- қазақ және түрік тілдеріндегі терминтану мәселесіндегі ортақ зерттеулер екі тілдің де терминдер қорын дамыта түседі.

Қорытындылай келе, мақаланың зерттеу нәтижелері түрік тілін үйретуге арналған грамматикалық оқулықтардағы грамматикалық терминдерді жүйлеу қажеттілігін көрсетеді. Грамматикалық терминдердің араб, батыс негізді қолданыстарының орнына төл түрік тілінің сөздері негізінде қалыптасқан грамматикалық терминдерді қолданған жағдайда түрік тіл білімінің деңгейін арттыра түсері сөзсіз. Салыстырмалы грамматикалық терминдер бағытындағы зерттеулер келешекте жалғасын табады.

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР13067966 «Алаш идеясының индексі және жаһандық мәдениеттегі интерпретациясы (Ахмет Байтұрсынұлы аудармалары негізінде)» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жазылды.*

### Әдебиеттер

- Абдикарим Н., Махсут О., Ыскак Б. (2023) Қазақ тіліндегі синтаксистік тәсілмен жасалған терминдік тіркестер (жасанды интеллект саласының терминдері негізінде) // TILTANYM. – № 2(90). – 2023. – 3-13-бб.
- Aksan D. (1998) Her yönü ile dil ana çizgileriyle dilbilim. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1998.
- Байтұрсынұлы А. (2009) Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.
- Banguoğlu T. (1998) Türkçenin grameri. – Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1998.
- Eker S. (2011) Çağdaş Türk dili. – Ankara: Grafiker, 2011.
- Ergin M. (2008) Türk Dil bilgisi. – İstanbul: Kelebek Matbaacılık, 2008.
- İlker A. (2023) Türk Dünyasında terim çalışmaları // Avrasya Terim Dergisi. – №11(3). – 2023. – 139-142-ss.
- Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. /Жауапты ред. Е. Жанпейісов. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
- Қайдар Ә., Оразов М. (2004) Түркітануға кіріспе. Оқу құралы. 3-ші басылымы. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.
- Қордабаев Т., Томанов М. (1975) Тарихи грамматика мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1975. – 175 б.
- Korkmaz Z. (1992) Gramer terimleri sözlüğü. – Ankara: TDK yayınları, 1992.
- Құрманбайұлы Ш. (2007) Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Мектеп, 2007. – 352 б.
- Мамаева Г. (2019) Түбі бір түркі терминдері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №3 (128). – 2019. – 129-136-бб.
- Момынова Б.Қ. (2022) Кейбір тілдердегі академиялық грамматика жазу дәстүрі: ғылыми аппараты, құрылымы мен рәсімделуі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №3 (140). – 2022. – 114-128-бб.
- Сайрамбаев Т.С. (1991) Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 174 б.
- Ысқақов А. (1967) Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967. – Т. 2. – 236 б.
- Ысқақов А. (1991) Қазіргі қазақ тілі. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

### References

- Abdikarim N., Mahsut O., Yskak B. (2023) Kazak tilindegi sintaksistik tasilmen zhasalghan termindik tirkester (zhasandy intellekt salasynyn terminderi negizinde) [Syntactic expressions in the Kazakh language (based on the terms of the field of artificial intelligence)]. – TILTANYM. – Vol. 2 (90). – 2023. – P. 3-13. (in Kazakh)
- Aksan D. (1998) Her yönü ile dil ana çizgileriyle dilbilim [Linguistics with its main lines of language with every aspect]. – Ankara: Turkish Language Institute, 1998. (in Turkish)
- Baitursynuly A. (2009) Til – kural [Language is a tool]. – Almaty: Sardar, 2009 – 348 p. (in Kazakh)
- Banguoğlu T. (1998) Türkçenin grameri [The grammar of Turkish]. – Ankara: Ankara University Press, 1998. (in Turkish)
- Eker S. (2011) Çağdaş Türk dili [Modern Turkish language]. – Ankara: Grafiker, 2011. (in Turkish)
- Ergin M. (2008) Türk Dil bilgisi [Knowledge of the Turkish Language]. – İstanbul: Kelebek Printing House, 2008. (in Turkish)
- İlker A. (2023) Türk Dünyasında terim çalışmaları [Term studies in the Turkish World]. – Eurasia Terim Magazine. – Vol. 11 (3). – P. 139-142. (in Turkish)
- Kazak grammatikasy. Fonetika, sozzhasam, morfologii, sintaksis [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax. / Responsible Ed. E. Zhanpeisov.] – Astana: Astana polygraphy, 2002 – 784 p. (in Kazakh)
- Kaidar A., Orazov M. (2004) Turkitanuga kirispe. Oku kuraly. 3-shi basylymy [Introduction to Turkology. Reading tool. 3rd edition]. – Almaty: Arys, 2004 – 360 p.] (in Kazakh)
- Kordabaev T., Tomanov M. (1975) Tarihi grammatika meseleleri [Problems of historical grammar]. – Almaty:



School, 1975. – 175 p. (in Kazakh)

Korkmaz Z. (1992) Gramer terimleri sözlüğü [Dictionary of grammatical terms]. – Ankara: Orhun, 1992. (in Turkish)

Kurmanbaiuly Sh. (2007) Terminkor kalyptastyru kozderi men terminzhasam tasilderi [Sources of term formation and methods of term formation]. – Almaty: School, 2007 – 352 p. (in Kazakh)

Mamayeva G. (2019) Tubi bir turki terminderi [Turkic terms]. – Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series. – Vol. 3 (128). – 2019. – P. 129-136. (in Kazakh)

Momynova B.K. (2022) Keibir tilderdegi akademiialyk grammatika zhazu dasturi: gylymi apparaty, kurylymy men rasimdelui [The tradition of writing academic grammar in some languages: scientific apparatus, structure and design]. – Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series. – Vol. 3 (140). – 2022. – P. 114-128. (in Kazakh)

Sairambayev T.S. (1991) Soz tirkesi men zhai soilem sintaksisi [Syntax of phrases and simple sentences]. – Almaty: Rauan, 1991. – 174 p. (in Kazakh)

Yskakov A. (1967) Kazak tilinin grammatikasy [Grammar of the Kazakh language]. – Almaty: Science, 1967. – Volume II. – 236 p. (in Kazakh)

Yskakov A. (1991) Kazirgi kazak tili. Filologiya fakul'tetteri studentterine arналган okulyk [Modern Kazakh language. Textbook for students of philological faculties]. – Almaty: Native language, 1991. – 384 p. (in Kazakh)